



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдын  
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

• ФОРУМ

## Өнеркәсіптік кластердің өңірлік мазмұны

Теміртауда ірі компаниялар мен шағын және орта бизнесті біріктіретін Қазақстандағы алғашқы өнеркәсіптік кластер құру бойынша жұмыс жүргізілуде. Qazmet креативті технологиялар орталығының алаңында «Өнеркәсіптік кластерді және ел ішіндегі құндылықтарды дамыту» бизнес-форумы өтті. Шараның мақсаты – ірі бизнес пен ШОБ арасындағы өзара іс-қимылды нығайту, өнеркәсіп секторының дамуын ынталандыру және елдің экономикалық әлеуетін арттыру үшін жаңа мүмкіндіктер жасау. Форум жұмысына Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары, бизнес-қоғамдастық өкілдері, ұлттық қорлар мен «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының басшылары қатысты. Форумды облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ашты.



байлығымыз – адамдар. «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында біз жаңа салалар үшін кадрларды белсенді дайындап жатырмыз. Қарағанды техникалық университетінің базасында өңірлік инновациялық-индустриялық хаб құрып жатырмыз, – деді облыс әкімі.

Қазір облыстың қырыққа жуық шағын және орта бизнес кәсіпорындары Qazmet компаниясымен өзара серіктестік орнатқан. Форум қатысушыларға ішкі нарықты нығайтуға, өндірісті дамыту арқылы бәсекеге қабілеттілікті арттыруға және импортқа тәуелділікті төмендетуге байланысты негізгі мәселелерді талқылауға мүмкіндік берді. Qazmet компаниясының бас директоры Вадим Басин тұрақты өндірістік тізбектерді дамыту, ірі бизнес пен шағын кәсіпкерлікті интеграциялау, цифрлық шешімдерді ен-

гізу және өңірдің экономикасын нығайтуға ықпал ететін өнімнің өзіндік құнын төмендету мәселелеріне егжей-тегжейлі тоқталды.

– Металлургияны және сабақтас салаларды дамыту, қазақстандық өндірушілердің әлемдік нарықтағы ұстанымдарын нығайту, еліміздің құндылықты құру – еліміздің ұзақ мерзімді орнықты дамуының негізгі факторлары. 2024 жылы күрделі сыртқы экономикалық жағдайларға қарамастан, Qazmet болат өндірісін 15%-ға, яғни, 3,5 млн тоннаға дейін ұлғайтты. Бұл өсім Қазақстанға болат өндіру қарқыны бойынша әлемде 8-ші орынды қамтамасыз етті. Біз 2028 жылға қарай болат өндірісін жылына 5 млн тоннаға жету мақсатын қойып отырмыз. Бұл бағдар өндірісті ауқымды жаңғыртуға, шығындарды оңтайландыруға, процестерді цифрландыруға және кәсіпорын айналасындағы өнер-

кәсіптік кластерді дамытуға негізделген, – деді Вадим Басин. Qazmet индустриялық кластерді дамыта отырып, тауарлар мен қызметтерді жеткізушілерге офтейк-келісімшарттар мен ұзақ мерзімді шарттарды ұсынады. Облыс әкімдігі Qazmet компаниясымен бірлесіп, бастама аясында 20 мың шаршы метр дайын үй-жайға арналған шағын өнеркәсіптік аймақ құрады. Жаңа жұмыс орындары құрылады, сондай-ақ, өндірістік тізбектер нығайтылады және импортқа тәуелділік қысқарады.

– Біз барлық өндірілген құндылықтар Қазақстанның игілігі үшін жұмыс істейтіндей етіп жұмыс жасауымыз керек. Ол үшін бізде барлық ресурстар бар. Көптеген дамыған елдер осылай жұмыс істейді. Жергілікті атқарушы билік тарапынан әлеует пен қолдау бар, – дейді Вадим Басин.

Өнеркәсіптік кластерді дамыту өндірістің өсуін ғана емес, сонымен қатар, цифрлық шешімдерді енгізуді, өнімнің өзіндік құнын төмендетуді және бизнестің мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылын оңтайландыруды көздейді.

– Форум – Qazmet сияқты бір ірі кәсіпорынның айналасында ШОБ ынталандыру және дамыту үшін маңызды сәт. Министрлік ірі компаниялардың жергілікті жеткізушілермен өзара серіктестік бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Біз бұл өнеркәсіптің тұрақты өсуінің кепілі екеніне сенімдіміз, – деді Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Иран Шархан.

Ал, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Арман Қалықов Qazmet Қазақстанның 17 серпінді жобасына кіргеніне қуанышты екенін айтады. Бұл кәсіпорынның ел өнеркәсібіндегі маңыздылығын көрсетеді.

– Біз жұмысшылар мен кәсіпорындардың мүдделерін қорғауды жалғастырамыз. Заңнамалық бастамалар Қазақстанның өнеркәсіптік әлеуетінің өсуіне ықпал етуі үшін жұмысымызды жалғастыра береміз, – деді Арман Қалықов.

Форумда Қарағанды облысының әкімдігі мен «Qazmet» АҚ арасында ел ішіндегі құндылықтарды дамыту бойынша меморандумға қол қойылды. Бұл құжат өңірдегі шағын және орта бизнестің ұстанымын күшейтуге бағытталған бастамаларды қолдауға кепілдік береді.

Сондай-ақ, Qazmet компаниясының өндірістік құрылымдары орналасқан басқа да қалаларда шағын өнеркәсіптік аймақтар құру жоспарланып отыр.

Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• РЕСМИ

## Жаңа әдіс қауіпсіздікке сеп

«Астана-Қарағанды» тасжолының қар басу қаупі жоғары учаскелерінің бірінде жол қоршауының инновациялық түрі орнатылды. Тростық тосқауылдар алдын ала аралық сынақтан өткізілген болатын. Сынақ Теміртау қаласының маңында орналасқан ұзындығы 500 метрлі құрайтын тәжірибелік-эксперименттік учаскеде жүргізілді.

Аталған тростық жабдық Қарағанды қаласының бағытындағы жолдың бойында, нақтылап айтқанда, жолақтарды бөліп тұратын белдеуде және жолдың оң жақ жиегінде орнатылды.

Тростық қоршаулар әдеттегі металл кедергілерге қарағанда айтарлықтай артықшылықтарға ие. Ол, әсіресе, қалың қар мен қатты жел жағдайларында өте тиімді. Олар қардың тростар арқылы еркін өтуіне мүмкіндік береді. Бұл оның бөлу жолақтары мен жолдың жиектерінде жиналуына жол бермейді. Сондай-ақ, мұндай қоршаулар жолақтарды тазалау шығынын азайтуға ықпал етеді. Сөз етілген қоршау түрлері АҚШ, Жапония және Еуропада экономикалық тиімділігіне байланысты белсенді түрде қолданылады.

Жоба ҚазжолҒЗИ мамандарының ғылыми-техникалық жетекшілігімен жүзеге асырылуда. Мамандар түрлі ауа райы және пайдалану жағдайларында тростық қоршаулардың тиімділігіне екі жылдық мониторинг жүргізбек. Тәжірибе оң нәтиже берсе, тростық қоршаулар қар басу қаупі кейбір учаскелерде әдеттегі металл кедергілерге балама бола алады.

Өз тілшімізден

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

## Баспана кілтін табыстады

Бұқар жырау ауданының Көкпекті ауылында 10 отбасы, Абай ауданында 30 отбасы баспаналы болды. Олардың барлығы да үй кезегінде тұрғандар.



Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорының қолдауымен Көкпекті ауылында екі пәтерлі бес үй салынды. Әр пәтер үш бөлмелі, жаппы ауданы – 84 шаршы метр. Кілт халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын төрт отбасыға, төрт көпбалалы және үйлері апатты деп танылған екі отбасыға табысталды.

Абай ауданында баспаналы болған-

дардың арасында да толық емес отбасылар, жетім балалар, мүмкіндігі шектеулі жандар, қандастар мен зейнеткерлер бар. «Халық Билдинг» ЖШС салған жаңа бес қабатты үйдегі пәтерлерді Мемлекет басшысының бастамасымен жергілікті атқарушы органдар сатып алды. Үйде 12 бір бөлмелі, 8 екі бөлмелі және 10 үш бөлмелі пәтер бар.

Сонымен қатар, жақында Абай ауданында құрылыс салушылардан өткен жылы сатып алынған тағы 10 пәтердің кілті берілмек. Құрылыс салушылардан дайын тұрғын үйді сатып алу бағдарламасы биыл да жалғасады. Абайда бұл жоба бойынша 90 отбасы, ал, Топарда 40 отбасы пәтер алуы тиіс.

Биыл Абайда 30а орамында бес қабатты кредиттік үйдің құрылысын аяқтау жоспарлануда. 80 пәтерлі үй 2023-2029 жылдарға арналған тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы бойынша бюджет қаражаты есебінен салынуа. Пәтерлер кезекте тұрғандарға «Отбасы банк» арқылы беріледі.

Сондай-ақ, Абайда тағы бір бес қабатты үй мен екі пәтерлі бір қабатты үйлер салынып жатыр, Топарда екі көп-пәтерлі үй қалпына келтірілуде.

• КӘСІПКЕРЛІК

## Қолдау бар жерде самғау бар

Бытыр облыста жергілікті бюджеттен 1276 жаңа бизнес-жоба қаржыландырылған. Одан бөлек, жұмыс істеп тұрған компаниялар да мемлекет қолдауынан құралақан емес. «Кәсіпкер» бағдарламасы мен Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасының арқасында ортопедиялық матрас және бөлмеаралық есік шығаратын кәсіпорындар өндіріс көлемін кеңейтумен қатар, бәсекеге қабілетті өнім шығаруды жолға қойған.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтсақ, 2016 жылы құрылған «Фламинго KZ» ЖШС ортопедиялық матрастар шығарады. Компанияда өндірістің толық циклі ортопедиялық серіппелі блоқты дайындаудан бастап, дайын өнімді орауға дейінгі процесс қамтылған.

Қазірде жетекші өндірушілердің сапалы материалын пайдалану көптеген импорттық аналогтардан кем түспейтін өнім жасауға мүмкіндік беріп отыр. Бүгінде фабрикада 40-қа жуық адам жұмыс істейді. Жыл сайын кәсіпорынның салықтық аударымдары да ұлғаюда. «Кәсіпкер» бағдарламасы бойынша алынған қаражат компанияға өндірісті кеңейтуге, жаңа жабдықтар сатып алуға және өнімділікті арттыруға көмектескен.

– Мақсатымыз – аймақта ғана емес, еліміз бойынша танымал брендке айналу. Мемлекеттік қолдаудың тұрақты дамуы-



мызға көмегі мол, – дейді «Фламинго KZ» ЖШС сату бөлімінің бастығы Екатерина Нұрахметова.

Ал, Ismail Doors – ірі тапсырыстарды орындауға әлеуеті жететін облыстағы бөлмеаралық есік шығаратын санаулы компаниялардың бірі.

Бұл кәсіпорынның жобалық қуаты – жылына 10-12 мың есік. Бөлмеаралық есіктердің сертификатталған сапалы материалдардан жасалатынын атап өткен жөн. Аталған компанияда қазір 20 адам жұмыс істейді. Кәсіпорын бизнесті кеңейтуге және қажетті құрал-жабдықтар сатып алуға 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба бойынша қолдауға қол жеткізіп отыр.

Кәсіпкерлік басқармасының басшысы Ирина Любарскаяның айтуынша, шағын және орта бизнесті қолдау – экономика-

ның болашағына салынатын инвестиция. 2024 жылы облыстық бюджеттен 1276 жаңа жоба қаржыландырылған. Сонымен қатар, бұрын қабылданған міндеттемелерді субсидиялау да жалғасып жатыр.

– Бизнестің іскерлік белсенділігінің артқаны көз қуантады. Аймақ экономикасындағы шағын және орта бизнестің үлесі 43,2%-ды құрайды. Қолдаудың маңызды шараларының бірі бөлшек салық мөлшерлемесін екі есеге – 4%-дан 2%-ға дейін төмендету болды. Бұл салық төлеушілер санын 20 есе, ал, салық түсімдерінің сомасын 250 есе ұлғайтуға мүмкіндік берді, – дейді Ирина Любарская.

Облыс аумағындағы шағын және орта бизнесті дамытудың басым бағыттары өңдеуші және туристік салалар болып отырғаны да атап өткен жөн.

# Мәслихат депутаттары: Колледждерге қолдау керек



**ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ**

«Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында тек экономика мен өндірісті дамыту ғана емес, сонымен бірге, жастардың еңбекке құлшынысын арттыру көзделген. Бүгінде кәсіптің басым бөлігін игерген жастарды ел экономикасының нақты секторына тартуға бағытталған шаралар басталып кетті. Облыстық мәслихаттың арнайы отырысында депутаттар, мемлекеттік органдар, ауылдық, аудандық әкімдіктер мен кәсіпкерлер палатасының және оқу орындарының өкілдері жұмысшы мамандық оқытатын аудан орталықтарында орналасқан колледждер мәселесін талқылады.



**Аяулым СОВЕТ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Отырысты ашқан Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы Нұркен Қобжановтың айтуынша, ауылдық жерлерде тұратын жастарға аудандарда орналасқан колледждер тарапынан қолжетімді және сапалы білім берілуде.

– Алайда, білім орындарына қатысты әлі де шешілуі тиіс бірқатар мәселелер бар. Ескірген материалдық-техникалық база, заманауи білім беретін ресурстардың, қаржыландырудың жеткіліксіздігі, жастардың қалаларға кетуі де колледжді аясындағы мәселені туындатып отыр. Бұл орайда, әсіресе, ауылдық жерлердегі білім орындарына кәсіби бағдарлау әдістерін қайта қарайтын жаңа тәсілдер қажет. Бұл әлемдік тәжірибеде болашақ маманның табысты, кәсіби және әлеуметтік бейімделуі бойынша білім беру мекемелері мен жұмыс берушілердің өзара тығыз іс-қимылына тікелей байланысты. Соның ішінде кәсіптік білім экономиканың қажеттіліктеріне және ауылдық аудандарды дамыту міндеттерін шешуге барынша бейімделуге тиіс. Кәсіпорындармен келісім аясында болашақ мамандар қажетті дағдыларды тікелей білім беру мекемелерінде алатындай ынтымақтастықтың кең жиынтығы болуы керек, – деді Нұркен Қобжанов.

Жыныда білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова Қарағанды облысында 52 колледжді жұмыс істейтінін, оның сегізін аудандық жерлерде екенін атап өтті. Басшының сөзіне сүйенсек, 2019 жылдан бастап, облыста ауыл шаруашылығы мамандықтары кеңінен тарату мақсатында Agroskills және Jasagroskills облыстық чемпионаттары өткізіліп келеді. Дегенмен, ауыл шаруашылық мамандары беделінің төмендігі, практикалық оқытуды қамтамасыз ете алатын әлеуметтік серіктестердің жеткіліксіздігі, кадрлардың жетіспеушілігі және материалдық-техникалық базаны дамыту үшін жеткілікті қаржыландырудың болмауы секілді мәселелер бар.

– Колледждердегі кадрлар даярлау ісі ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет

Аудандық колледждерде 1385 студент білім алады, алайда, жыл сайын олардың саны 7-10%-ға азаяды. Мемлекеттік қолдаудың арқасында соңғы үш жылда дуальды жүйеде оқитын студенттер саны 5%-дан 33%-ға артса, түлектердің жұмысқа орналасуы 84%-ды құрайды. Мамандарды мақсатты даярлау үшін кәсіпорындармен шарттар жасасу жалғасуда. Еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқу бағдарламалары жұмыс берушілер сұранысына ескере отырып әзірленеді.

көрсету мен жөндеу, агрономия, ветеринария секілді тағы басқа 20 мамандық және 37 біліктілік бойынша жүргізіледі. Аудандық колледждерде 1385 студент білім алады, алайда, жыл сайын олардың саны 7-10%-ға азаяды. Мемлекеттік қолдаудың арқасында соңғы үш жылда дуальды жүйеде оқитын студенттер саны 5%-дан 33%-ға артса, түлектердің жұ-

енгізіліп, оларда 495 млн. теңгеден астам сомаға материалдық-техникалық база жаңартылды. Жабдықтар тізімі WorldSkills стандарттары мен кәсіпкерлер мен жұмыс берушілер палатасының ұсыныстарын ескере отырып құрылды.

Депутаттардың сөзіне сүйенсек, аудандардағы кәсіптік білім беру жүйесінде білікті мамандарды даярлау маңызды. Колледждер



мысқа орналасуы 84%-ды құрайды. Мамандарды мақсатты даярлау үшін кәсіпорындармен шарттар жасасу жалғасуда. Еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқу бағдарламалары жұмыс берушілер сұранысына ескере отырып әзірленеді. Кадрларды бірлесіп даярлауға 30-дан астам кәсіпорын қатысады, – деп атап өтті Гүлбақыт Жүнісова.

Басқарма басшысының айтуынша, бүгінгі таңда аймақта маман даярлауда Абай көпсалалы колледжі, Шет, Ақтоғай және Бұқар жырау агротехникалық колледждері жұмыс істеп тұр. Абай колледжі мен Шет агротехникалық колледжі «Жас маман» жобасына

де білім алған жастар жұмысқа орналасып, өңірдегі агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға ықпал етеді. Осы орайда сөз алған облыстық мәслихат депутаты Ерден Халилин осы колледждер мәселесі төңірегінде аудандардағы білім ордала-

рының жұмыстарымен танысқанын атап өтті.

– Колледждерді аралаған кезде біз олардың оқу-өндірістік жүйесімен танысып, директорлармен кездестік. Бүгінгі таңда оқу орындарындағы жағдай білім беруді ұйымдастыру және жұмыс берушілермен өзара берік жұмыс жүйесі арқылы жүзеге асатынын көрдік. Студенттер үшін тәжірибе алған маңызды, дегенмен, түлектердің заманауи өндірістік талаптарға сәйкес білім алмауы секілді мәселелер бар, – деді Ерден Халилин.

Сөз алған Әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Қадияша Оспанова былтыр өткен мәслихат сессиясында өңірдегі кәсіптік-техникалық білімнің жай-күйі талқыландырылды.

– Мемлекет басшысының тапсырмалары аясында «AMANAT» партиясының форумында Оқу-ағарту министрлігі жанынан мәслихаттар депутаттарының Кеңесінде, колледждерге тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сағудан өз кірістерін құруға мүмкіндік беру жөнінде мәселе көтерілді. Коммуналдық қызметтер тарифтерінің өсуі және инфляция деңгейін ескере отырып, жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативін қайта қарау мәселесі де күн тәртібінде.

Білім басқармасына алдағы үш жылға арналған техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы проблемалық мәселелерді шешу жолдарын қарастыру бойынша ұсыныс берілген. Оларды жүйелі шешу үшін білім беру нысандары бөлінісінде және облыстың әрбір қаласы мен ауданы бойынша күрделі жөндеу жүргізу талаптары қаралды. Нысандарды жаратандыруға және абаттандыруға арналған шығыстарды қаржыландырудың проблемалық мәселелерді шешу жолдарын қарастыру бойынша ұсыныс берілген. Оларды жүйелі шешу үшін білім беру нысандары бөлінісінде және облыстың әрбір қаласы мен ауданы бойынша күрделі жөндеу жүргізу талаптары қаралды.

Нысандарды жаратандыруға және абаттандыруға арналған шығыстарды қаржыландырудың проблемалық мәселелерді шешу жолдарын қарастыру бойынша ұсыныс берілді. Мектептер жанындағы

заманауи білім беру технологиялары мен материалдық-техникалық базаның болмауы секілді мәселелер бар. Қаржыландырудың жеткіліксіз деңгейі, оқытушылардың тапшылығы да тиянақты қарастыруды қажет етеді, – деді М. Әдекенов атындағы Қарқаралы ауыл шаруашылығы колледжінің директоры Дамир Қожанов.

Сөз алған облыстық мәслихат депутаты Серғазы Әдекенов мал шаруашылығы саласында заманауи оқу шаруашылығын құру үшін фермалар салу, жүйені автоматтандыру үшін жабдықтар сатып алу қажет екенін атады.

– Облыста ветеринар маманға қажеттілік 93 адамды құрайды. Ауыл, аудандарға тракторшы, механизатор және агроном мамандар жетіспейді. Агроөнеркәсіпте маман тапшылығы бар. Жалпы, Қазақстанда агроөнеркәсіп маманын дайындайтын 23 жоғары оқу орны бар дегенмен, жыл сайын 2 мыңнан астам ғана студент білім алып шығады. Бірақ олардың тең жартысы басқа салаға кетеді. Жас мамандар міндетті жұмыс істеу мерзімі аяқталған соң тұрақтамайды. Салаға маман тартудың басқа да жолдарын қарастыру қажет, – деді Серғазы Әдекенов.

Депутаттың сөзіне сүйенсек, сауу машиналарын дайындау, сапалы жемге қол жеткізуді ұйымдастыру және оларды өсіру үшін демонстрациялық ұяқалар құру, оқытушылар мен қызметкерлерді жаңауарларды ұстау мен фермаларды басқарудың жаңа әдістеріне үйрету де маңызды. Осы орайда бірлесіп жұмыс істеу үшін табысты фермалармен, ғылыми орталықтармен және университеттермен серіктестік орнатқан жөн.

Б. Әбдікәрімов атындағы Нұра көпсалалы колледжінің директоры Сайран Сағымбеков те бұл пікірге қосылды. Оның айтуынша, ауылдық колледждердің материалдық-техникалық базасын дамытып, білім беру сапасын арттыру еңбек нарығында сұранысқа ие. Осы орайда инфрақұрылымды жаңғырту қазіргі заманғы өндіріс пен ғылыми-техникалық прогрестің қажеттіліктеріне бағдарлау маңызды.

– Оқу зертханаларын жетілдіру, цифрлық технологияларды енгізу, кәсіпорындармен әріптестік және мемлекеттік қолдау – ауылдық колледждерде тиімді білім беру ортасын құруға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде ауылдық аумақтарды дамытуға және олардағы өмір сүру деңгейін жақсартуға алып келеді, – деді Сайран Сағымбеков.

Депутаттар жиыны соңында мәселені жан-жақты зерделеп, кәсіптік білім беруді дамыту жөніндегі жоспар енгізуді жөн көрді. Депутаттық корпус бейінді ведомстволар үшін бірқатар ұсыныстар дайындады. Әсіресе депутаттар колледждер мәселесінде ауданда білім алушылар үшін мемлекеттік гранттар мен стипендиялар көлемін ұлғайтуды алға тартты. Аграрлық жоғары оқу орындары, жетекші университеттермен бірлесіп, цифрлық дағдылары бар агромамандарды даярлау жөніндегі оқу бағдарламаларын енгізуді ұсынды.

– Оқу жағдайларын жақсарту отырып, инвестициялар тарту арқылы жұмыс берушілермен бірлесіп өзара іс-қимыл жасау – өңірімізде жұмыс істеуге және оның өркендеуіне үлес қосуға дайын білікті мамандардың жаңа буынын тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Облыстық мәслихаттың депутаттық корпусы заң шығару жүйесінде ұсыныстарымызды қарау және есепке алу бойынша Парламентпен жұмысты жалғастырады, – деп жиынды түйіндеді Нұркен Қобжанов.

Алдағы уақытта депутаттар ұсынысы арқылы аудандағы студенттерге оқуды жұмыспен үйлестіруге мүмкіндік беретін дуальды білім беру бағдарламаларының аясы кеңейі мүмкін. Әсіресе, колледжді түлектері үшін жаңа жұмыс орындарын ашу, тәлімгерлік жүйелерін енгізу және бос орындар мен кәсіби тағалымдамалар жәрмеңкелерін өткізу мәселелері күн тәртібінен түспейді.

Суреттерді түсірген  
**Александр МАРЧЕНКО**

• ТАҒАЙЫНДАУ

## Өңірде – кадрлық өзгерістер

**Қарағанды облысының жастар саясаты мәселелері басқармасына жаңа басшы тағайындалды.**



**Аяулым СОВЕТ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Айсұлу Ерниязова еңбек жолын 2015 жылы әл-Фараби Қазақ ұлттық университетінің жастар ұйымдарымен жұмыс жөніндегі жетекші маманы болып бастаған. Содан кейін сол жерде жастар ұйымдарымен жұмыс жөніндегі комитетті басқарған.

Әр жылдары Алматы халықаралық бизнес университетінің жастар саясаты орталығының басшысы, «Алматы еріктілер лигасы» қоғамдық қорының атқарушы директоры, Халықаралық білім корпорациясының әлеуметтік даму департаментінің директоры, Jas Otan (Астана) жастар қанаты төрағасының орынбасары болған.

2023 жылдан бастап мемлекеттік қызметте. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің кеңесшісі болды.

Осы уақытқа дейін Астанадағы «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы» ЖШС директоры болып жұмыс істеді.



**Облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы лауазымына Елнар Уахитов тағайындалды.**

Елнар Уахитов еңбек жолын 2003 жылы «Қарағанды Жылу» ЖШС материалдық-техникалық жабдықтау бөлімінің маркетинг және сапа жөніндегі менеджері лауазымынан бастаған.

Кейін «Қарағанды Тех Сервис» ЖШС директоры, «Маркетингтік және талдамалық зерттеулер орталығы» АҚ өкілдігінің консультанты, Қарағанды облысы әкімінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жөніндегі орынбасарының бас маман-кеңесшісі болып жұмыс істеді.

Әр жылдары облыстық энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары, облыс әкімі аппаратының ұйымдастыру жұмысы бөлімінің меңгерушісі, облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары, облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы көлік және байланыс бөлімінің басшысы, Шахтинск қаласы әкімінің орынбасары, Индустрия және жаңа технологиялар министрінің кеңесшісі қызметін атқарған.

2017 жылдың қантарынан осы күнге дейін Астана қаласы Есіл ауданы әкімінің орынбасары болды.

Суреттер облыс  
әкімдігінің сайтынан





